

«БЕКІТЕМІН»
«Жәңгір хан атындағы Батыс
Қазақстан аграрлық-техникалық
университеті» ҚААҚ
басқарма төрағасы - ректор
А.М. Нәметов
«05» 2023 ж.




ИНСТИТУТ ДИРЕКТОРЫНЫҢ

ЛАУАЗЫМДЫҚ НҮСҚАУЛЫҒЫ

СМЖ.07.ЛН.95

№ 05 басылым

№ ___ дана

Дайындалды: 01.09.2023 ж. Губашев Н.М. 	Келісілді: 04.09.2023 ж. Таубаев Ө.Б.  Алмагамбетова М.Ж. Таскалиев Е.К. Ихсанов Е.Б. 	Енгізілді: 06.09.2023 ж. СМЖ. 07.ЛН.95 04.09.2020 жыл орнына Қайта қаралуы: 06.09.2023 ж.
---	--	--

Мазмұны

1. Бағыты
2. Қолдану саласы
3. Лауазымдық міндеттері
4. Жауапкершілігі мен өкілеттігі
5. Құжаттама
6. Сілтемелер

Өзгерістер				
№	Енгізілген мерзімі	Беттер нөмірі	Дайындаушы	
			Тегі, аты, әкесінің аты	Қолы

1.Бағыты.

Бұл нұсқау Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және «Білім туралы» Заңына сәйкес дайындалады.

2.Қолдану саласы

Бұл нұсқаулық институт директорына арналған.

3. Лауазымдық міндеттері

3.1. Институт директоры:

3.1.1 Институттың қызметін басқарады

3.1.2. Даму бағдарламасын іске асыру жоспарын әзірлейді (Институтта) және университеттің қойылған мақсаттарына жетуі үшін институттың күшін жұмылдыруды басқарады;

3.1.3. Жұмыс туралы, соның ішінде институттың жалпы өнімділігіне баға беруді қоса алып, стратегиялық мақсаттарға жету бойынша негізгі көрсеткіштерді ұсына отырып, есеп беруді дайындайды;

3.1.4. Институт міндеттерін орындауға байланысты қажетті бюджетті қалыптастыру және оны пайдалану бойынша жұмыс жүргізеді;

3.1.5. Институтқа қабылданатын білім алушылардың санын көбейту және контингентті қалыптастыру бойынша жұмысын басқарады;

3.1.6. Білім беру, зерттеу, аралас үдерістерді дамыту және түлектерді жұмысқа орналастыру үшін мүдделі тараптармен (серіктестер, кәсіпорындар, қорлар және т.б.) өзара әрекеттеседі;

3.1.7. Институттың білім беру бағдарламалары бойынша академиялық кадрларды іріктеуді жүргізеді;

3.1.8. Зерттеу жұмыстарының дамуын қамтамасыз етеді;

3.1.9. Оқу-әдістемелік құжаттарды, оқушының жеке жұмыс жоспарын және т.б. бекітеді;

3.1.10. Директор орынбасарларының бағыттары бойынша жұмыс жоспарларын бекітеді және олардың орындалу сапасын бақылайды;

3.1.11. Білім беру сапасын қамтамасыз ету комитетін басқарады;

3.1.12. Рейтингке қатысу үшін көрсеткіштердің өсуін қамтамасыз етеді;

3.1.13. Институт Кеңесінің жұмысын басқарады;

3.1.14. Институттың бөлмелері мен кеңістігін тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

3.1.15. Ұжымда салауатты ахуалды қамтамасыз етеді.

3.1.16. Институт директорының орынбасарларымен бірлесіп атқаратын лауазымдық міндеттері:

- Институттың білім беру сапасын қамтамасыз ету комитетінің қызметі бойынша іс-шараларды жүзеге асыру;

- Мамандарды даярлау бағыттары бойынша білім беру қызметін жүзеге асыру лицензиясына қосымшаларды алу үшін құжаттардың жиналуын және қажетті ақпаратты ұсынуды қамтамасыз ету;

- Профилактикалық бақылаудың/біліктілік талаптардың/тәуекелдерді басқару жүйесінің (ПБ/БТ/ТБЖ (ЭЖЕ)) қосымшаларының толтырылуын және БББ-ның нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігін бақылау;

- Ұлттық және халықаралық рейтингтерге қатысу үшін құжаттардың жинақталуын және қажетті ақпараттың ұсынылуын қамтамасыз ету;

- БББ аккредиттеу, қайта аккредиттеу, аккредиттеуден кейінгі мониторинг бойынша өзіндік есеп берулердің жазылуына жетекшілік жасау;

- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға өтінімді толтыру және қажетті ақпаратты ұсынуды қамтамасыз ету;

- Мектептер мен колледждердің түлектері арасында кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастыру, институттың БББ-на студенттерді қабылдау және жинақтау жұмыстарын ұйымдастыру (БББ жетекшілерімен бірге);
- Оқу, әдістемелік, ғылыми, тәрбиелік үдерістердің нәтижелерін талдауға, институт жұмысының тиімділігі мен сапасын арттыруға бағытталған түзету және алдын алу шараларын әзірлеу бойынша жұмысты ұйымдастыру;
- Университеттің жоғары алқалы органдарының бұйрықтары мен шешімдерінің уақтылы және сапалы орындалуын қамтамасыз ету;
- Бекітілген істер номенклатурасына сәйкес іс жүргізу сапасын қамтамасыз ету;
- Студенттердің, профессорлық-оқытушылық құрамының және қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті мен академиялық адалдық қағидаттарын қалыптастыру, университет жарғысын, ішкі тәртіп ережелерін сақтауды, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі нормалары мен ережелерін сақтауды талап ету;
- Өз құзыреті шегінде цифрландыру және көрсетілетін қызметтерді ақпараттық-технологиялық қамтамасыз ету үдерістерін басқару.

3.2. Бағыныштылығы:

- 3.2.1. Институт директоры лауазымына Басқарма төрағасы-ректордың бұйрығымен тағайындалады және босатылады;
- 3.2.2. Институт директоры оқу жөніндегі проректорға тікелей бағынады.

3.3. Институт директоры білуі қажет:

- 3.3.1. Қазақстан Республикасының Конституциясын;
- 3.3.2. Мәлімет үшін жіберілген Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығын, ҚР Парламентінің, Үкіметінің нормативтік-құқықтық актілерін және ҚР Білім және ғылым министрлігінің нұсқаулары мен бұйрықтарын;
- 3.3.3. Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңдарын;
- 3.3.4. Қазақстан Республикасының ЖОО-ның қызметін реттейтін заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерін;
- 3.3.5. ҚР СТ ИСО 9001-2009 Сапа менеджментінің жүйелері. Талаптарын;
- 3.3.6. Университет Жарғысын және Ішкі тәртіп ережелерін;
- 3.3.7. Педагогика және психология негіздерін;
- 3.3.8. Мемлекеттің жоғары білім берудегі дамуының перспективаларын, университеттің орташа мерзімдік дамуының басты бағыттары мен оны жүзеге асыру тәсілдерін;
- 3.3.9. Институт қызметіне қатысты басқа мемлекеттік органдардың нормативтік материалдары мен басқа да құжаттарын;
- 3.3.10. Институт мамандықтары бойынша ҚР Жоғары және кейінгі кәсіби білім берудегі мемлекеттік стандарттарын;
- 3.3.11. Институт деңгейінде жоспарлау, басқарудың ғылыми-әдістемелік негіздерін және ғылыми, тәрбие жұмыстарының ұйымдастырылуын;
- 3.3.12. Кредиттік жүйе бойынша білім берудегі оқу процесін ұйымдастырудың технологиясы мен білім беру технологиясындағы интерактивті және ақпараттық формалар мен әдістерін;
- 3.3.13. Білім беру сапасының ішкі және сыртқы мониторингісінің негізгі ережелері мен талаптарын;
- 3.3.14. Академиялық саясатты;
- 3.3.15. Өз өкілеттігі шегінде сапа менеджменті жүйелерінің құжаттарын;
- 3.3.16. Еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын.

3.4. Біліктілік талаптары:

- 3.4.1. Жоғары білімі, ғылым докторы немесе ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі немесе философия докторы (PhD) дәрежесі, ғылыми атағы болуы;

- 3.4.2. ЖОО-да кемінде 5 жыл ғылыми педагогикалық қызмет атқаруы тиіс;
- 3.4.3. Мемлекеттік тілді іскерлік деңгейде білуі;
- 3.4.4. Компьютерде жұмыс жасай білуі;
- 3.4.5. Үнемі өзінің біліктілігін арттырып отыруы тиіс.

4. Жауапкершілігі, өкілеттілігі және құқығы

4.1. Институт директоры:

- 4.1.1. Өзінің лауазымдық нұсқаулығында көзделген лауазымдық міндеттерін және Ішкі тәртіп ережесін орындамаған жағдайда ҚР-ның Еңбек кодексінде анықталған заң шегінде;
- 4.1.2. Өз қызметін жүзеге асыру барысында құқық бұзғандығы үшін ҚР-ның әкімшілік, қылмыстық және азаматтық заңдарында анықталған заң шегінде;
- 4.1.3. Материалдық залал келтіргені үшін ҚР-ның еңбек, қылмыстық және азаматтық заңдарында анықталған заң шегінде;
- 4.1.4. Педагогтік әдеп нормаларын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауапкершілікке тартылады;
- 4.1.5. Сапа менеджменті жүйелерінің талаптарын, міндеттемелерін сақтамаған жағдайда жауапты болады.

4.2. Институт директоры:

- 4.2.1. Университеттің барлық құрылымдық бөлімшелерімен және түрлі ұйымдармен байланыс кезінде институттің көзқарасын білдіруге;
- 4.2.2. Институт қызметіне қатысты Университет басшылығы шешіміне сәйкес жобалардың дайындалуымен танысуға және оған қатысуға;
- 4.2.3. Өз құзіреттілігі шегінде құжаттарға қол қоюға өкілетті.

4.3. Институт директоры құқылы:

- 4.3.1. Өзінің лауазымдық міндеттерін орындау үшін университет басшылығынан қажетті жағдайларды қамтамасыз етуге;
- 4.3.2. Кәсіби біліктілігін арттыруға;
- 4.3.3. Ректорат, Ғылыми Кеңес жөніндегі Басқарушы Кеңесте менеджмент жүйесін жақсарту мақсатында ұсыныстар енгізуге;
- 4.3.4. Ғылыми қызметпен айналысу үшін педагогтік еңбек өтілі сақтала отырып, шығармашылық демалыс алуға;
- 4.3.5. Жылына 56 күнтізбелік күн көлеміндегі ақылы еңбек демалысын алуға;
- 4.3.6. Өзінің кәсіптік ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғауға;
- 4.3.7. Қызметтегі жетістігі үшін материалдық және моральдық көтермелеуге;
- 4.3.8. Кәсіби қызметіне арналған жағдаймен қамтамасыз етіле отырып, педагогтік қызметпен айналысуға;
- 4.3.9. Ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-эксперименттік жұмыспен айналысуға, педагогтік практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге;
- 4.3.10. Өзінің құзіреттілігіне қатысты мәселелер бойынша құрылымдық бөлімшелермен өзара іс-әрекетін жүзеге асыруға.

5. Құжаттар

6. Сілтемелер

- ҚР «Білім туралы» Заңы 27.07.2007 ж. № 319;
- ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы 18.11.2015 ж. № 410 - V;
- ҚР Еңбек кодексі 23.11.2015 ж. № 414-V;

Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңы 18.04.2011 ж. № 407 – IV
Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылдың 30
қазанындағы №595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан
кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалар
Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20
шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім
берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 20 қарашадағы
№ 591 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру
ұйымдарының педагогтеріне (профессор-оқытушылар құрамына) арналған кәсіптік
стандарты;
ҚР СТ ИСО 9001-2016 Сапа менеджментінің жүйелері. Талаптар;
Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылдың 20 сәуірдегі
№152 бұйрығымен бекітілген Оқу процесін оқытудың кредиттік технологиясын
ұйымдастыру ережесі;
СМЖ.08.ҚЕ.06. Университеттің ішкі тәртіп ережелері;
Жәңгір хан атындағы БҚАТУ Жарғысы;

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан
аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ
басқарма төрағасы - ректор
_____ А.М. Наметов
«__» _____ 2023 ж.

ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

Құжат	Санаты	Лауазымдық нұсқаулығы	
	Атауы	Институт директорының лауазымдық нұсқаулығы	
	Нөмірі	СМЖ.07.ЛН.95	
	Басылымы	05	
Өзгерту жасау негіздемесі	Жоспарлы өзектендіру		
Өзгертудің мазмұны	Құжатты жаңа басылымда мазмұндау		
Құрастырған	Губашев Н.М. _____	Күні	
Тексерген	Таскалиев Е.К. _____	Күні	